

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Абуов Марат Алменович

ОТБАСЫЛЫҚ КІРІС КӨЗІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04107 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Джумабаев С.А., профессор

Жоба қорғауға жіберілді: «__» _____ 2022 жыл

Басқару институтының
директоры: _____ Акижанов К.Б., PhD, профессор

Нұр-Сұлтан, 2022

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	7
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	15
ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	43
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	45
ҚОСЫМШАЛАР.....	51

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Салық Кодексі) 25.12.2017 жылғы №120-VI Қазақстан Республикасының Заңы.

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 17.06.2001 жылғы №246 Заңы.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» 12.03.2012 жылғы №320 Қаулысы.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 30.05.2020 жылғы №338 Қаулысы.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» 28.04.2015 жылғы №285 бұйрығы.

Белгілер мен қысқартулар

АӘК	- атаулы әлеуметтік көмек
АЕК	- айлық есептік көрсеткіш
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
ҚР СЖРА ҰСБ	- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ҚР ҚНРДА	- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі
ҚС	- қаржылық сауаттылық
т.с.с.	- тағы сол сияқты
ЭЫДҰ	- экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
NEET	- Not in Education, Employment or Training (оқығысы, жұмыс жасағысы, үйренгісі келмейтіндер)

Кіріспе

Нарық бойынша дамушы елдерде қоғамның маңызды бөлігі отбасылық әл-ауқатты арттыру, табыс пен шығысты қалыптастыру, ең төменгі күнкөріс деңгейлерін жетілдіру басты бағыттардың бірі.

Бүгінгі күні Қазақстан Үкіметі де отбасылық шаруашылықты қолдау, жайлы өмір қалыптастыру үшін тұрғындардың табыстарын арттыру және әлеуметтік көмектер мен қолдау бағытында: «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» және «Мемлекеттік арнаулы әлеуметтік жәрдемақы туралы» Заңдары, басқа да жеңілдіктер мен артықшылықтар беретін заңнамалар қабылдаған [1; 2; 3].

Алайда, әлеуметтік салаға елеулі қаражат бөлінсе де, салық көлемі азайып мемлекеттің кіріс көздеріне үлкен салмақ болғанымен, тұрмысы нашар, аз қамтылған отбасылардың саны азаймауда. Мұның бір себебі тұрғындардың отбасылық табыстан жұмсау шығыны көлемінің асып кетуінде болып отыр. Сондықтан адамдар қосымша қаражат іздеуде тұрмыстық несиелер, қарыздар алып, теріс жағдайларға тап болып жатады. Бұл тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыруды және қажетті ақпараттардың қолжетімділігін жетілдіруді қажет етеді.

Мәселенің шешімін табу үшін отбасындағы қаржылық мәселелерді зерделеу және ақпараттандыру мен үйретудің тиімді жолдарын ұсыну көзделді.

Мақсаты - мемлекеттік ақпараттандыру жүйесін жетілдіру арқылы тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру.

Зерттеудің міндеттері:

- отбасылық кіріс көздерін жұмсаудың әдістерін қарастыру;
- шетелдік қаржылық сауаттандыру тәжірибелерін зерттеу;
- халықаралық отбасылық әл-ауқатты арттыру бағытындағы мемлекеттік саясатты зерделеу;
- отбасылық қаржы және оны тиімді жұмсау туралы тәжірибелерді зерделеу;
- кешенді қаржылық сауаттандыруға ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі - тұрғындардың отбасылық кіріс және шығыс көздерін қолдану мәдениеті.

Зерттеу пәні - тұрғындардың отбасылық кіріс көздерін тиімді жұмсау тетіктері.

Тұжырым - қаржылық сауаттылық туралы ақпараттарды жүйелі ұсыну арқылы отбасылық кіріс көзін қолданудың тиімділігі артады.

Күтілетін нәтижелер:

- тұрғындарды қаржылық сауаттылыққа ақпараттандырудың кешенді әдісі жүзеге асады;
- қаржылық сауаттылыққа үйрету жөніндегі ақпараттар қоры жүйеленеді.

Ғылыми маңыздылығы және жаңашылдығы - отбасылық қаржы сауаттылығын үйрету порталының жүйелі моделі жасалады. Қаржылық

сауаттандыру жұмыстарының кешенді және тұрғындарға бағытталған тәсілі пайда болады.

Практикалық маңыздылығы:

- экономикалық тиімділігі - тұрғындар өз қаражаттарын ұтымды қолдану арқылы мемлекет тарапынан берілетін қолдаулардың тиімділігі және тұрғындардың еңбекке деген белсенділігі артады;

- әлеуметтік тиімділігі - тұрғындар өз табыс көздерін тиімді қолдану арқылы әртүрлі жоқшылықтар мен қаржылық тапшылықтардан арылып, әлеуметтік жағдайлары жақсарады;

- экологиялық тиімділігі - әр адамның тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару және артық қалдықтарды болдырмау, қайта өңдеу жолдарымен танысу арқылы қоғамның экологиялық мәдениеті қалыптасады;

- қылмыспен күрес тиімділігі - тапшылық пен жоқшылықтан арылу арқылы отбасындағы жанжалдардың саны азаяды, қылмысқа итермелеуші ұрлық, тонау, суицидтің алдын алуға мүмкіндіктер пайда болады;

- демографиялық тиімділігі - тұрғындардың болашаққа деген сенімі артып, нәтижесінде отбасын жоспарлау көрсеткіштері жақсарып, демографиялық оң өзгеріс орын алады.

Әдебиетке шолу

Осыған дейінгі зерттеулерді қарау мақсатында сарапшылар мен зерттеушілердің еңбектеріндегі ақпараттарға шолу жасалды.

Алдымен мәселеге қатысты сөздер мен терминдерге түсінік, қаражатты тиімді қолдану әдістері, олардың түрлері, мақсаты мен тиімділігі туралы баяндалған әдебиеттер қаралды.

Бюджет – белгілі бір уақыт кезеңіне белгіленетін жеке тұлғаның, ұйымның немесе тұтастай мемлекеттің кірістері мен шығыстарының сметасы (*әдетте бір жылға*).

Отбасылық бюджет - көбінесе бір айға белгіленетін ақшалай кірістер мен үй шаруашылығының шығыстарын басқару жүйесі. Отбасының ақша ағымының бұл визуализациясы отбасылық бюджеттің динамикасын, шығындар мен кірістердің тепе-теңдігін бақылауға мүмкіндік береді. Ерлі-зайыптыларға өз мүмкіндіктерін барабар бағалауға, қаржылық мінез-құлықты талдауға көмектеседі [4].

Жеке қаражат – қаржылай табысқа қол жеткізу барысында маңызды жеке және отбасылық ресурстарды зерттеу. Ол адамдар өз қаржы ресурстарын қалай жұмсап, үнемдейтінін, қорғайтынын және инвестициялайтынын қамтиды [5].

Отбасылық бюджет бұл - отбасылық кіріс көздері мен шығыс көздерінің жиынтығы. Отбасылық кіріс көзін сауатты құрылымдау технологиясы ешкімге зиян келтірмеген. Осының нәтижесінде адамдар өз өмірлерін ақшамен басқарады, керісінше ақша адамдардың өмірін басқармайды.

Отбасылық кіріс көздерін тиімді басқару үшін:

- отбасылық кіріс көзін жұмсауды міндетті түрде жазып жүру;
- шығындарды жазуды 6-12 ай аралығында қолдану арқылы дағды қалыптастыру;
- қажет емес, жеңілдікпен, акцияларымен сатылатын тауарларды, адамның әлсіздігі болып табылатын сатып алуларды күнделікті шығындар есебінен шығару;
- кірістерді есептеу кезінде жұмысқа бару жол ақысы, қызмет көрсетуге қажетті тауарларды сатып алу, т.с.с. негізгі табысты табуға кететін шығындарды алып тастап, нақты табысты есептеу;
- қаражатты жұмсауда «уақыт-күш-жігер» үшеуін таразыға салу. Осы арқылы қаражаттың негізсіз жұмсалуын анықтап, сол негізсіз шығындарды болдырмау;
- отбасылық кіріс көзінің он пайызын инвестицияға салу.

Ұсынымдарды қолданушы тұрғындар келесі басымдықтарға ие болады:

- қаражатты есептеп, тиімді жұмсау арқылы келесі ай бойына күнделікті өмірдің қалыпты болады, қаржылық жетіспеушілік немесе қарыз алу жағдайлары болмайды.
- қаражатты алдымен алдын-ала қаражатты бөлу арқылы, кейін нақты төлеу арқылы сатып алудың қаншалықты маңызды екенін ойланып жұмсауға уақыт болады және өзге әлсіздіктерге жол берілмейді;

- қаражатты бөлек конвертке салу арқылы күрделі, ауқымды шығындарға ақша жеңіл жинақталады;

- күтпеген жағдайға да конверт ашып, егер табыс көзі болмай қалған жағдайда, «сақтық қорын» жасақтау арқылы үш айға дейін қаржы тапшылығы болмайды.

Тұрғындардың аталған ұсыныстарды тұрақты қолдануы дағдыға айналып, кіріс көздерінің есебін жүргізбей-ақ қаражатты тиімді жұмсау қалыптасады.

Адамдардың шығындарды жүйелеп, бюджетті үнемдеу жолдары келесідей әрекеттерге байланысты. Мысалы, міндетті шығындарды зерделеп, кейбірін қысқарту арқылы үнемдеу;

- сауда саттыққа барғанда алдын ала дайындалған тауарларды сатып алу тізімі болуы қажет. Егер тізімнен тыс өзге тауар сатып алу қажет болса, оны келесі жолға қалдырып, ойлану арқылы қажеттілік туындаса сатып алу;

- тауарларды сатып алу кезінде өз сөмкесі немесе пакетін алып бару арқылы артық сөмке немесе пакет сатып алмай, аз ғана болса да ақша үнемдейді, артық ыдыс сатып алмау;

- тауарларды бөлшектеу немесе қораптары үшін артық шығын жұмсамау. Қорапта болу немесе өзгеге бөлшектетіп алу, тауардың сапасын арттырмайды. Сондықтан бөлшектеуді (*құс, балық, ет, т.с.с.*) өзі жасап, осыған кететін шығынды үнемдеу;

- шөлмек ыдыс немесе термос алып, шәй, су немесе кофені өзімен бірге алып жүру;

- дүкенге сирек бару арқылы акциялар мен қызығушылықтан аулақ болу және уақыт кезекте тұрып босқа өткізбеу;

- жаңа тауар сатып алуға асықпау. Себебі кейбір тауарлар қолдан-қолға сатылады. Ал, ондай тауарлар арзанға шығады. Кейбір тауарларды интернет арқылы сатып алу. Себебі сатушы тауарларды сақтау үшін арнайы сату орнына жалға алу ақысын төлемейтіндіктен, тауарлары арзан болады;

- сирек қолданылатын тұрмыстық техникаларды сатып алмау;

- қажет емес тауарларды қоқысқа лақтыруға асықпау. Ол тауарларды интернет арқылы сатуға немесе қайырымдылықпен өзгеге беру. Бұл қосымша қаражат табуға немесе өзгенің қаражатын үнемдеуге көмектеседі;

- жаман әдеттерден аулақ болу (темекі, алкоголь, т.с.с.);

- табиғи ресурстарды үнемді пайдаланғану. Суды артық қолданбау, электр энергиясын үнемдейтін шамдар қолдану, пайдаланбаған кезде өшіріп жүру;

- төлемдерді уақытында төлеу арқылы қосымша қаражат шығынын болдырмау;

- телефон, телевидение, интернет, өзге де байланысты пайдалануда тиімді тарифтерді қолдану;

- қозғалыс кезінде қандай қолданатын көлікті зерделеу. Такси, көпшілікке арналған көлік бағыттарын, жаяу жүру, бірлесіп жүру секілді әдістерде, тиімді, тез және арзан жолдарын қарастыру. Бір жерге барған кезде,

жол бойына бірнеше істі бітіріп келетіндей мүмкіндік туғызатын бағыттарды белгілеу;

- ең бастысы-асықпау. Қандай да болмасын төлемді төлеу кезінде оның маңыздылығы мен қажеттілігіне назар аудару арқылы қажетсіз артық шығындарды болдырмау [6].

Әдебиетті зерделеу кезінде адамдардың жақсы табыс тауып жүрсе де ауқымды тауарларды сатып алуға мүмкіндіктері жоқтығын, кейбіреулері бірнеше несие алып, кейбіреулері демалысқа бара алмайтын жағдайлары анықталды. Егер адам өзінің қанша табатынын, ақшасының қайда кеткенін, ауқымды тауарларды алу үшін несие алатындығын немесе келесі еңбекақысына дейін біреуден қарыз алса, онда ол адамның өз қаражатын басқара алмайтындығын білдіреді. Бұл жағдайды отбасылық бюджетті жүргізу өзгерте алады.

Көптеген әдебиеттерде отбасылық бюджеттің мынадай түрлері қарастырылады (1-сурет):

Бірлескен	Келісімді-бірлескен	Бірбағытты
<ul style="list-style-type: none">барлық қаражат бір жерге жинақталады, содан соң отбасы мүшелерінің ортақ келісімдері бойынша шығыстары жоспарланады.	<ul style="list-style-type: none">табыстар бір адамға беріліп, сол адам барлық кіріс-шығыстарды есептеп отырады. Отбасы мүшелері барлық шығыстарын бірлескен келісім бойынша жасайды.	<ul style="list-style-type: none">отбасында тек қана бір адам табыс табады. Осының әсерінен кім табыс табады, сол адам отбасылық қаражатты басқарады.

1-сурет – Отбасылық бюджет түрлері

Ескертпе – сурет автормен әдебиеттегі дереккөзден алынып құрастырылды [7].

Отбасылық бюджетті жүргізудің үш әдісі болады:

- қағаз түрі - ең ыңғайсыз әдіс.
- компьютерлік бағдарламалар арқылы - өте ыңғайлы. Excel және Google кестелерінде есептеу, автоматты түрде есебі шығады. Өзіңізге ыңғайлы немесе қажетті бағандар жасау мүмкіндігі бар.

- ұялы телефондағы немесе компьютердегі арнайы бағдарламалар мен қосымшалар - өте ыңғайлы. Ақылы, ақысыз, ішінара ақылы болады. Ең бастысы интерфейс жақсы, ыңғайлы, телефонмен байланысты, банк картасымен үйлесімді, диаграмма жасақталады [7].

Отбасылық бюджетті жүргізуде төмендегідей ұстанымдар ұсынылады:

- қаржылық мақсат, оны іске асыруға қажетті қаражат, мерзімі, қаржыны жинақтау жолдары айқындалады;

- бастапқы ақпараттарды жинақтау. Ақша қайдан келеді, қайда кетеді. Айлық шығынды есептеп, кіріс пен шығыстардың тізімі жасақталады;

- жинақталған ақпараттарға сай кірістің қайдан келетінін және шығыстың қайда жұмсалатындығы, олардың міндетті немесе міндетті емес екендігі зерделенеді;

- бір айдың ішіндегі шығындарды қарап, маңыздылығына қарай үнемдеуге, қысқартуға қол жеткізу арқылы қаржылық резерв (артық қаржы немесе үнемдеуге келетін қаржы) жасақталады. Бұл қосымша қаражат табу көздерін іздеуге де ынталандырады;

- отбасы мүшелерімен бірге өткен айдың кірістері мен шығыстарын қарап, келесі айдың шығындары жоспарланады;

- ұстанымдарды қолданғаннан соң нәтижесін зерделеу және жоспарды түзету. Бұл кезеңде жоспарланған шығындарды жұмсаудағы өткен айдың нәтижесі қаралып, тиімділігіне қарай түзету енгізіледі [7].

U.S.News & world report сайтындағы Мариален Лапонстың зерттеу жұмысында Америка Құрама Штаттарында сертифицирталған қаржылық жоспарлау стандарттары жөніндегі кеңестің 2019 жылғы есебіне сәйкес, адамдардың 60%-ы шығындарды бақыламайды, ал 5-еудің 2-інде ешқашан бюджет болған емес дейді. Зерттеу үшін ұйым 35 пен 65 жас аралығындағы 300 ересек адамнан сұхбат алды, олар 2018 жылы кемінде 100 000 АҚШ доллары болатын инвестициялық активтерге ие болды. Бюджеттің бар екендігі туралы хабарлағандардың ішінде 43%-ы өз бюджетін жоспарлау әдісі емес, олардың қайда кететінін бақылау құралы ретінде сипаттайды [8].

Бюджетті жүргізуден басқа табыстың көлемінен төменірек шығындармен өмір сүруге бейімделуге болады. Бұл отбасылық келісімдер арқылы төмендегідей шешу жолдарына әкеледі.

1.Отбасылық қаражатты жұмсарда шешім қабылдайтын отбасы мүшелерінің барлығы бірдей бір-бірінің шешімдеріне құрметпен қарап, тиімді және өзгеге зиян емес жақтарды келіседі.

2.Отбасы мүшелері құндылықтар мен ортақ мақсатты айқындау мен ақылдасу арқылы мақсаттардың орындалу, орындалмауын талқылайды.

3.Отбасы мүшелері отбасылық кірістері мен шығыстарын бақылау арқылы қажет емес қаржылық құрдымды анықтайды. Қаржылық құрдым үнемдеуге келетін, бірақ жойылып кете беретін қаржыны білдіреді.

4.Шығыстардың жұмсалуды бойынша санаттарға бөлу әдісімен оның қайсысы бюджетпен жабылады, қайсысы жабылмайды, қайсысы маңызды, қайсысы маңызды еместігі анықталады. Кей жағдайда адамның өзіне жағымды алайда бюджетке онша әсер ете бермейтін де шығындары нақтыланады.

5.Қажет емес шығындарды анықтап, оларды болдырмау. Нәтижесінде көтерме саудадан сатып алу, үйден тамақтану, менюді жоспарлау, қажетті тауарларды интернеттен алу шығыстарын азайтады.

Отбасылық бюджет көп жағдайда отбасы мүшелерінің санына байланысты емес. Себебі бір бала артық болғаннан коммуналдық шығындар көбеймейді. Отбасы бюджетіне әсер ететін ол табыс табушы адамдардың саны. Бір табыс табатын адамға қарағанда екі табыс табатын адамы бар отбасы жақсы. Алайда, көп балалы отбасылар кейде қаражатқа қарағанда күш-қуатының сарқылғанынан

ақшаны негізсіз жұмсай бастайды. Мысалы үй тазалаушы ұстайды немесе өзге қызметтерге жұмсайды. Түскі ас уақытында машинамен барып-келуді ұйғарады. Ол үшін отбасындағы әкесі мен шешесі өздері жасай алатын осы қызметтерге қаржы жұмсаудың қажеттігі бар ма екендігін нақтылаулары керек.

6. Өртүрлі төлемдерден қалған қаражатты жинақтау өте маңызды. Себебі оның орнына үнемделген қаржыдан несиені үстемелеп төлеп жіберуге де болатыны ойланатын жағдай. Алайда үш ай мен алты айдың шығындарын жабатын жинақ ақшаның болуы несиені жабудан маңыздырақ.


Одан кейінгі жинақ түрі зейнеткерлік есепшотты жасақтау. Зейнетақы қоры да өз кезегінде үстеме беретін қаражат.

7. Егер қарыздың үстемесі жинақ қорының үстемесінен көп болса, онда бірінші қарыздан құтылған тиімдірек.

8. Салықтық төлемдерді уақытында төлеу арқылы мемлекет тарапынан көрсетілетін жеңілдіктерге қол жеткізуге болады. Мысалға медициналық қызметтер.

9. Кіріс пен шығынды үнемі тексеріп отыру, біріншіден отбасы мүшелерінің бірлесуіне және ортақ мақсатқа жетуіне көмектеседі. Екіншіден, орындалған мақсаттар әркімге де жағымды әсер әкеледі. Ең бастысы бюджетті жүргізу тиімділігі осы үрдіс кезінде отбасы мүшелерінің бір топта болуына байланысты [9].

Отбасылық шығындардың түрлеріне тоқталып өтсек, шығыстардың бірнеше түрлері бар (2-сурет).



2-сурет – Отбасылық шығыс түрлері

Ескертпе – сурет автормен әдебиеттегі дереккөзден құрастырылды [8].

Шығындар кезеңділік бойынша да бөлінеді. Мысалы, тұрақты шығындар. Бұл шығындар үнемі қайталанып келеді. Айдан-айға қайталанатын шығындар.

Өзгермелі шығындар-жоспарлы немесе тұрақты емес қажет еткен уақытында болатын шығындар.

Маусымдық шығындар-қысқа дайындалу, маусымдық киімдер, мектепке дайындалу сияқты шығындар.

Күтпеген шығындар-жоспарсыз, кездейсоқ болатын шығындар.

Шығындарды жоспарлаған кезде сирек болатын және маусымдық шығындардан бастау маңызды. Себебі осы шығындарға қаражатты алдын ала үнемдеу арқылы, уақыты келген кезде сатып алуға қиындық келтірмейді [9].

Тауарларды пайдалануды реттеу арқылы артық шығындарды болдырмайды [10]. Мысалға:

- қажетсіз тауарларды өзгелерге беру, сату немесе өзге мақсатта пайдалану жолдарын қарастыру;
- қажеттілікті шектеу арқылы қажет емес бірақ қызығушылықтың әсерінен алатын тауарлардан бас тарту;
- қолданған бір тауарды бірнеше мақсатта пайдалану;
- осы арқылы бір тауарды қолдануға болатын жағдайларда бірнеше тауар сатып алу немесе пайдалану жағдайлары болмайды.
- екінші рет қолдануға келмейтін заттарды қайта өңдеуге жіберу;
- қалған органикалық қалдықтардан компост арқылы тыңайтқыштар дайындау.

Бұл ұсыныс арқылы қарапайым өмір сүруге бейімделген сайын, отбасылық құндылықтар өзгеріп, өзге мүмкіндіктерді (*саяхат, қарым-қатынас, өзін-өзі жетілдіру немесе шығармашылық жұмыстармен айналысу*) пайдаланады және экологиялық мәдениет қалыптасады [10].

Аталған ұсыныстар адамдарды үнемділікке үйретеді. Оның себептері мен салдарын анықтау үшін адамдардың мінез-құлықтарына байланысты әдебиеттердегі мәліметтер зерттелді.

Осы саладағы зертеушілердің еңбектерінде адамдардың бақытты өмір сүруі материалдық қамтамасыз ету мен бай болуына байланысты емес деп көрсетілген. Өмірде байыған адамдардың көпшілігі бақыттың байлықпен ғана келмейтіндігін, қарапайым өмір сүру арқылы, аз ғана материалдық құндылықтармен де бақытты ғұмыр кешуге болатындығын тұжырымдаған.

Рухани құндылықтар, әлеуметтік байланыстар, табиғатпен үндестік, қазба байлықтарды ұқыптылықпен пайдалану және өзін-өзі жетілдіру арқылы да отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға болатындығына дәйектер келтірілген.

Басты мақсат адамдардың қарапайымдылық өмір жолын ұстану арқылы өтпелі кезеңдегі құндылықтарға жетуге талпынбай, ұзақ мерзімді, құндылықтарға және өмірін босқа өткізбеуге ұмтылу болып табылады.

Зерттеушінің еңбегінде адамдардың мемлекеттік заңдылықтарды, саясаттың ұстанымын өзгерту емес, өздерін, өмір сүру қағидаларын, мақсаттары мен құндылықтарын өзгертуге бағытталған [11].

Адамдар өз өмірін өзі басқаруға үйренуі туралы Дуэйн Элджин, Брайан Трейси, Дэниел Пинк, Қуаныш Шонбай, Стивен Кови, Стив Джонс, Кэрол Дуэк, Саидмурод Давлатов, Абай Құнанбайұлы, Анджела Дакуорт, Рой Баймайстер және Джон Тирнидің еңбектерінде баяндалған.

Осы еңбектерден төмендегідей кеңестер қалыптастырылды:

- адамның кемшіліктерге бой алдыруы немесе белгілі бір мақсаттарының орындалмауы қоршаған орта мен өзге адамдарға байланысты емес, өзінің дұрыс бағытты ұстанбай, тиісті қадамдар мен шешімдерді қабылдамауында [12];
- адамның ынталануы тек қана қаражатқа емес басқа да құндылықтар мен әдістерді қолдану арқылы жұмыс өнімділігін арттырады [13];

- жетістікке жету оңайлықпен келмейді және оның теріс әсерлері де болуы мүмкін. Алайда жетістікке жету жолындағы қиындықтардың болатындығына да дайын болу, мақсатқа жетуге көмектеседі. Тынымсыз еңбектің және тәуекел, өзін-өзі үнемі жетілдіру арқылы жетістікке жетуге болады [14];

- мәселелерді шешуге бағытталған дағдылар қалыптастырудың ең маңызды бағыты бұл - адамның жеке қасиеттерін дамыту және өзгерту болып табылады;

- кез-келген жағдайдың теріс емес оның оңтайлы жағын қарастыру, жақсы ойлау;

- мақсатын дұрыс таңдай білу және оның іске асуын елестету мақсаттың маңызды екенін ойша түсініп, оны іске асыруға ынталандырады. Бұл мақсатты екі рет іске асыру болып табылады. Біріншісі ойша, екіншісі іспен;

- істерді маңыздылығына қарай бөлу және кезектілігімен іске асыру адамды орындалатын істердің тәртібін айқындауға көмектеседі;

- әр адамның өзі білмейтінін өзгелер біледі, Бойында жоқ қабілеттер мен құралдар өзгелерде болады. Осы мүмкіндіктерді өзгелермен түсіністікте болу арқылы пайдалану;

- адам өзінің физикалық, интеллектуалдық, рухани және әлеуметтік-эмоционалдық дамуын үнемі жетілдірсе, өміріндегі мақсаттарға жетудің ең басты құралы өзі екендігін сезінеді [15];

- мақсаттарының маңыздылығын дұрыс айқындай алмаған уақыттың құрбаны болады, бар өмірін мақсаттарға жету мен істерді атқаруға жұмсайды. Уақыт жетпей, шаршау, психологиялық күйзеліс және бақытсыз өмір сүруге душар болады. Уақыт тапшылығын болдырмау бағытында уақытын үнемдеуге және мақсаттарға жетуде уақытпен арпалыстың алдын алуға болады [16];

- ойлау үлгісінің екі түрін ажырату қажет. Өсуге бейім және шектеулі ойлау үлгісі. Ойлау үлгісі өсуге бейімділік табысқа жетуде ойлау үлгілерін өзгерту арқылы барлық бастау өзінен басталатындығын, ерік-жігері мен еңбектің арқасында келетіндігін түсіну [17];

- ең бастысы – берілмеу. Осы арқылы адам өзін табандылыққа тәрбиелей алады [18];

- адамдар шығындардың көптігі, қарыз алудың тұрақты жағдайға айналуы, зиянды әдеттерге бейім болу, ұнамсыз жағдайлар мен мәселелерді кейінге қалдыру арқылы жағымсыз жағдайларға тап болады. Себебі адамдар бойында ерік-жігердің болмауынан өз өмірлерін бақылай алмайды;

- бойдағы ерік-жігерді тұрақты түрде дамыту нәтижесінде өмірінді бақылауға қол жеткізесіз. Жақсы сөйлесу, дұрыс тамақтану, жағымды әдеттерге бейімделу, мақсатқа жету жолындағы еңбекқорлық, табандылық, шыдамдылық қалыптасады. Ерік-жігердің өз бойында болуы, аз күш жұмсап, көп нәтижеге жеткізеді [19].

Зерттеушілердің еңбектерінде қаржылық сауаттылық пен оған жетудің бірнеше бағыттары анықталды. Оның ішінде отбасылық қаржыны басқару дың бірнеше кезеңдері, түрлері, бағыттары, іс әрекеттер мен пайдалы кеңестер

жинақталып алынды. Сонымен қатар адамдардың қаржылық басқарудағы мінез-құлықтары мен олардың рухани құндылықтары туралы да ақпараттар табылды.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу мақсатында қажетті ақпараттарды жинақтап, оларды зерттеу және бір қорытындыға келу үшін **сандық (эмпирикалық)** және **сапалық** зерттеу әдістері қолданылды.

Сауалнамалық зерттеу арқылы адамдардың қаражатты үнемдеу, оларды еселеу немесе қаржыны тиімді қолдану мен жұмсау тәжірибелері анықталды. Сонымен қатар, жеке қаражаттарын отбасылық жұмсау әдістері мен қаражатты жұмсаудағы көзқарастары зерттелді. Тағы бір анықталған жағдай бұл – адамдардың өз табыстарына қанағаттану деңгейі болды.

Себепті салыстырмалы зереттеу нәтижесінде қазіргі уақытта болып жатырған жағдайларды, тәжірибелер мен әдістерді қолдану және зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын, оларды қабылдау себептері мен салдарын салыстыру арқылы мәселенің негізгі түйіні мен бастау алатын факторлары анықталды.

Кейстік зерттеу арқылы қазақстандық отбасылар мен жеке адамдардың өмір сүру стильдері мен олардың қаржылық сауаттылықтары деңгейін, жеке қаражатқа немесе отбасылық кіріс көзіне деген көзқарастары зерделенді. Бұл әдіс арқылы адамдардың қаржылық тапшылыққа қалай пайда болатын себептері мен салдары анықталды.

Бақылау әдісі арқылы адамдардың қаражатты жұмсау кезіндегі мінез-құлықтары зерделенді. Қандай жағдайда қандай әрекеттерге баратындығы анықталды. Бұл әдіс әртүрлі санаттағы адамдарды сырттай бақылау арқылы жүргізілді. Әдісті қолдану арқылы адамдардың мінез-құлықтарындағы өзгермелі үрдістер анықталды.

Библиографиялық зерттеу арқылы бұрынғы жүргізілген зерттеушілердің кейбір нұсқаларын қолдауға қол жеткізілді. Атап айтар болсақ, осыған дейінгі зерттеушілердің тақырыпты зерделеуде жан-жақты қырларын анықтауында болды. Осының қорытындысымен кейбір зерттеушілердің жұмыстары мәселеге қатысты тұжырымды растайтындығы анықталды.

Феноменологиялық зерттеу арқылы адамдардың өздерінің күнделікті мәселелерді шешудегі көзқарастары мен қарым-қатынастары зерделенді. Бұл әдіс арқылы тақырыптық мәселенің жалпыхалықтық тенденциялары мен ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен өз ойларына байланысты өзекті мәселелерін шешу жолдарын таңдау түрлері анықталды.

Осы зерттеу әдістерінің нәтижесінде магистрлік жобаның тақырыбын ашуға және қорытындысымен тиісті ұсыныстар мен оңтайландыру әдістерін анықтауға қол жеткізілді.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Отбасылық кіріс және шығыс көздерін мемлекеттік реттеу мен қолдау

Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік жағдайының дамуы бұл мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының бағытына байланысты. Дүние жүзіндегі кейбір мемлекеттердің әлеуметтік қолдау саясаты моделдерін зерделеу арқылы ұқсастықтар, айырмашылықтар және тұрғындардың әлеуметтік ахуалын жақсартудағы тиімділігі зерттелді.

АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Жапония, Австралия мемлекеттерінде либералды модел (американо-британдық) кеңінен қолданылады. Бұл моделде тұрғындарға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек берудің жалпыхалықтық тенденциясы жақсы дамыған. Яғни, жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрде демеушілік көмек берулері кеңінен тарап, жағдайы төмен, кедей отбасылары мен нашар жағдайға душар болған азаматтарға мемлекеттің араласуынсыз өзге адамдар мен ұйымдар арқылы көмек беріледі.

Ал, мемлекет өз тарапынан жұмысқа қабілетті жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыруға ғана көмектеседі.

Бұл елдерде кедейліктен шығу индикаторлары формальды болады. Осының салдарынан мемлекет тарапынан тұрғындардың кедейліктен шығуына аз күш жұмсалады. Есесіне тұрғындардың мемлекеттен арнайы көмектерді күтпей, өз еңбегімен табыс табуға және күн көруіне бейімделіп, мемлекетке салмақ түсірмейді.

Консервативтік модел Германия, Австрия, Франция, Нидерланды мемлекеттерінде қолданылады. Бұл моделдің ерекшелігі еңбек ететін тұрғындарға және еңбек етіп, зейнет жасына жеткен тұрғындарға мемлекет тарапынан барлық әлеуметтік көмектер беріледі [20].

Мемлекеттік әлеуметтік саясат сақтандыру компаниялары арқылы қаржыландырылады. Себебі, еңбек ету кезінде азаматтардың барлығы сақтандыру компанияларына әртүрлі төлемдер төлеумен өзінің әлеуметтік қорларын қалыптастырады.

Алайда, еңбек етпеген, әлеуметтік статусы төмен адамдарға әлеуметтік көмектер аз болады. Мемлекет тарапынан жұмысқа қабілетсіз әлеуметтік әлсіз топтар белгіленбеген (*жұмыс жасауы қажет адамның әртүрлі өмірлік жағдайға байланысты жұмыс жасай алмай қалғандағы жағдайы*). Әлеуметтік көмектерге қол жеткізулерге жеке сақтандыру аударымдары көлемді әсер етпейді. Бұл моделдің мақсаты қаншалықты мемлекет үшін қызмет жасаса, көмектер де толық беріледі [20].

Маңызды мәселенің бірі мемлекет тарапынан отбасы және шіркеу құндылықтары есепке алынады. Осының нәтижесінде діни ұғымы бар тұрғындардың тарапынан жеке демеушіліктер көрсету дамыған.

Социал - демократиялық модел Швеция, Норвегия елдерінде қолданылуда. Бұл моделде жеке адамның құндылығы отбасы, мемлекет және нарықтан жоғары болып саналады. Барлық азаматтардың әлеуметтік теңдігі басты назарда ұсталады. Негізгі кіріс көзін қолдау қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік қызметтер дамыған. Табыс көлеміне қарамастан әрбір адам бастапқы әлеуметтік көмекті ала

алады. Қоғамның барлық мүшелері үшін әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етуге мемлекет кепіл болады [20].

Моделдің бір ерекшелігі мемлекеттің негізгі шығындары әлеуметтік салаға жұмсалады. Алайда, салық алымдарының көлемі жоғары болып табылады.

Социалистік модель Куба, Солтүстік Корея елдерінде қолданылады. Бұл мемлекеттердегі адамдардың барлығы орта таптық негізде өмір сүреді. Яғни, «бай», «кедей» деген ұғымдар қолданылмайды. Қоғамды басқару біртекті жүреді. Барлығы мемлекеттің меншігінде болады. Адамдардың жекелей дамуына шектеулер қойылады [20].

Әлеуметтік саясат моделдерін зерделей келе Қазақстанның әлеуметтік саясатты басқару моделі әр моделдегі тұрғындардың жағдайын жақсартуға, оларды қолдауға және қорғауға бағытталған элементтерінен жиынтықтаған.

Мысалы, демеушілік, мемлекеттік әлеуметтік көмектер, салықты аз төлеу, негізгі мемлекеттік шығысты әлеуметтік салаға жұмсау, жұмыссыз азаматтарды қолдау, жеке меншікті дамыту, әлеуметтік топтарды ерекше қамқорлыққа алу болып отыр.

Аталған барлық мемлекеттердегі моделдерде тұрғындарға түсетін өзіндік салмақтары болса, қазақстандық моделде мемлекет кірісіне қайтару көлемдері аз белгіленген. Сонымен қатар, Қазақстандық моделге де міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры мен міндетті жинақтаушы зейнетақы қорларын жасақтау іске асуда. Алайда, соңғы жылдары міндетті жинақтау зейнетақы қорынан да азаматтардың белгілі бір бөлігін пайдалануға рұқсат етілген.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына қаражат жинақтаудың өзі де әлеуметтік осал топтар мен кейбір азаматтардың санаттарына мемлекет есебінен төленеді.


Қаражат табудың елімізде 3-суретке сай бірнеше түрі бар.



3-сурет – Табыс көздерінің түрлері

Ескертпе – [21] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Табыстың түрлеріне қарай соңғы жеті жылдағы көрсеткіштерді алатын болсақ, әлеуметтік төлемдердің ұлғайғаны байқалады (4-сурет).




4-сурет – Тұрғындардың негізгі табыс көздерінің түрлері
Ескертпе – [22] дереккөзінен алынып, автормен құрастырылған.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмектер, зейнетақылар мен төлемдерден басқа атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі АӘК) беріледі.

Қазақстандағы 2022 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі 36 018 теңге болса, отбасының барлық табысын есептеп, отбасының барлық мүшесіне бөлгенде осы көлемнің жетпіс пайызынан аз кіріс көзі кіретін азаматтарға АӘК беріледі. Демек, әр отбасы мүшесіне міндетті түрде 25 212 теңге көлемінде қаражаттың болуы қажеттігін мемлекет қадағалап, осы қаражаттан төмен болған жағдайда, үстіндегі жетпес қаражатты АӘК ретінде тағайындап, төлейді.

Ең төмен күнкөріс деңгейі 2022 жылы 36 018 теңге азық-түлік тауарларының бағасына байланысты әр өңір үшін жеке есептеледі. АӘК тоқсан сайын тағайындалады [23].

Сонымен қатар мемлекет тарапынан азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру үшін көптеген төлемдер жүргізіледі. Атап айтсақ, әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасы бойынша барлық шығындардың отыз пайызын алады. Бұл динамиканы 5-суреттегі әлеуметтік салаға бөлінген қаражат көлемінен байқауға болады.



5-сурет – Республикалық жалпы бюджеттен әлеуметтік салаға бөлінген қаражат көлемі, %

Ескертпе - [24; 25; 26] дереккөздері негізінде автормен құрастырылған.

Соңғы үш жылдың мәліметін салыстырғанда көмектің пайыздық көлемі сол күйінде қалып отыр. Бұл мемлекеттің табысына үлкен салмақ болуда.

Сонымен қатар өзге де жеңілдіктерге келсек, Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде азаматтардың әлсіз топтарға және арнайы белгіленген санатқа жатқызылған тұлғаларға салық нысаны бола тұра мүлік салығын төлеуден босатылған, яғни салық төлеуші болып есептелмейді.

Сонымен қатар, әр-түрлі санаттағы адамдар Салық Кодексіне сәйкес жағдайларға байланысты төлеуге тиісті жеті түрлі баж салығын төлеуден де босатылып, белгілі бір санаттарға жеңілдетілген салықты төлеу көзделген.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектердің бірі Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сай білім саласындағы әлеуметтік көмектер. Оның ішінде заңнамамен белгіленген санаттардағы білім алатын балалар мен жасөспірімдер үшін тұратын орын, мүлік, киім-кешек, азық-түлікпен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету көзделген [27].

Әлеуметтік сала бойынша белгіленген санаттар үшін әлеуметтік көмектер көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сай мерекелік және атаулы күндері қаржылай көмектер беру де көзделген [28].

Денсаулық саласы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтарға ұсынылатын медициналық-әлеуметтік көмек көрсету

қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 285 бұйрығымен де емдеу көмектері қарастырылған [29].

Жалпы алғанда мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектердің тиісті санаттағы азаматтардың жеке қаражаттарын үнемдеуге өз септігін тигізеді.

Әлеуметтік осал топтарға қоғамдық көліктерде, мемлекеттік қызмет көрсету орындарында, өзге де қызмет көрсету салаларында да жеңілдіктер қарастырылған. Яғни, әлеуметтік осал топтардың отбасылық кіріс көздерін үнемдеуге көптеген жеңілдіктер жасалған.

Зерделенген мемлекеттік қолдау әлеуметтік әлсіз топтарды қолдауы жан-жақты қарастырылған.

Отбасылық кіріс көздерінің тиімділігі

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ақпаратына (1-кесте) сүйенсек, 2020 жылы халықтың орташа табысы 116 126 теңгені құрайды [30].


Кесте 1 - Халықтың тұрмыс деңгейі

Тұрмыс деңгейі статистикасы	2016	2017	2018	2019	2020
Жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары, тг	76 575	83 710	93 135	104 282	116 126
Медиандық табысы (Халықтың тұтынуға пайдаланған табысы. Көрсеткіштерді есептеу табыстардың баламалылық шкаласынсыз алынған).	36782	39896	43404	46765	49671
Табысы ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан төмен халықтың үлесі, %	2,6	2,6	4,3	4,3	5,3
Табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен халықтың үлесі	0,1	0,1	0,1	0,1	0,2
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, тг	21 612	23 783	27 072	29 342	33015

Ескертпе – [29] дереккөзі негізінде автордың қолымен құрастырылған.

Ақпаратта 01.01.2018 жылдан бастап ең төмен күнкөріс деңгейінің құрылымы өзгерді. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың тіркелген үлесі ең төмен азық-түлік себеті құнының 45% мөлшерінде белгіленді.

2021 жылғы 11668 отбасы кірістері мен шығыстарының құрылымына келсек, азаматтардың табысын жұмсауы, яғни шығыстары төмендегідей:



6-сурет – Тұрғындардың шығыстары мәліметі

Ескертпе – Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі ақпаратына сәйкес автормен құрастырылған [31].

Әр отбасы мүшесіне орташа тамақтану шығынының абсолютті мөлшері және олардың тұтынушылық шығындар құрамындағы үлесі халықтың өмір сүру деңгейінің маңызды көрсеткіштері. Өмір сүру деңгейі жоғарылаған сайын ол төмендеп, халықтың денсаулығын сақтауға, бос уақытына және басқа шығындарға көп қаражат жұмсауға мүмкіндік береді. Халықаралық статистикаға сәйкес отбасы табысының 50%-дан астамын тамақтануға жұмсаса, мұндай отбасының өмір сүру деңгейі орташа деңгейден төмен деп бағаланады.

ҚР СЖРА ҰСБ деректерін негізге алсақ, 2020 жылғы 1 тоқсанда отбасының кірісі мен шығыстарының құрылымы өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда өзгермеген. Халықтың шығыстары негізінен тамақ өнімдеріне арналған (48,5%).

Қазақстандық отбасындағы әр мүшесі өздеріне қажетті киімге-кешектерге, мүліктерге, тұрмыстық тауарларға, ұзақ пайдаланылатын тауарларға, жеке гигиена заттарына, автокөлік бөлшектеріне, жанар-жағармай материалдарына және басқа да азық-түлік емес тауарларға табыстың 22,6%-ы жұмсайды. Ақылы қызметтерді төлеуде отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ақшалай табыстың 17,3%-ы жұмсалады. Бұл орта есеппен тұрмыстық шығындарға кететін қаражаттың жеткілікті екенін көрсетеді [32].

Ал, ЭЫДҰ-ның 35 елі бойынша шығарған орташа табысқа (3-кесте) және Ресей Федерациясының ұлттық статистикасының мәліметінде төмендегідей [33].

Кесте 2 - Әртүрлі елдердегі орташа табыс

Елдер атауы	Орташа табыс, долл./жыл	Елдер атауы	Орташа табыс, долл./жыл
АҚШ	176 076	Ирландия	43 493
Швейцария	128 415	Испания	35 443
Бельгия	104 084	Корея	33 495
Жапония	97 595	Португалия	31 877
Швеция	90 708	Финляндия	27 972
Нидерланды	90 002	Чехия	24 258
Канада	85 758	Венгрия	23 289
Ұлыбритания	83 405	Чили	21 409
Люксембург	74 141	Норвегия	20 347
Дания	73 543	Словения	20 048
Исландия	64 398	Греция	18 117
Италия	64 109	Латвия	17 105
Израиль	61 805	Эстония	16 967
Австрия	59 574	Польша	14 997
Франция	59 479	Словакия	10 846
Австралия	57 462	Мексика	4 750
Германия	57 358	Түркия	4 429
Жаңа Зеландия	52 718		
Барлық елдер бойынша орташа табыс:			90 570
		Ресей	452,1
		Қазақстан	278,5

Ескертпе – [32] дереккөзі негізінде автормен құрыстырылды

Ал, Ресейде орташа табыс 35 187 рубль, 192 764,76 теңге немесе 452,19 АҚШ доллары болады [34].

Алайда, бұл елдерде табыс көзі жоғары болғанымен, азық-түлік тауарлары да қымбат болып келеді. Мысалы, нан бағасы Ресейде ең төменгісі 8 рубль (46,48 тг), орташасы 36 рубль (209,16 тг), қымбаты 198 рубль (1150,38 тг). АҚШ-та 2,72 доллар немесе 1 231,72 теңге, Норвегияда 3 доллар немесе 1 382,78 теңге [35].

Қазақстанда әлеуметтік нанның бағасы 100 теңге шегінде. [36].

Қазақстан Үкіметінің негізгі азық-түлік тауарларын белгілеп, оның бағасын реттеудің нәтижесінде халықтың негізгі азық-түлік тауарларына аз шығындалып, көп қолдануына жағдай жасалған. Мысалға келтірсек 3-кестеде негізгі азық-түліктің он түрінің сегізінен қолдану көрсеткіштері өскен.


Кесте 3 - Халықтың негізгі азық-түлік өнімдерін тұтынуы

ЖЫЛ	жан басына орташа шаққанда, кг										
	нан өнімдері және жарма өнімдері	ет және ет өнімдері	балық және теңіз өнімдері	сүт және сүт өнімдері	жұмыртқа (дана)	май және мал	жемістер	көкөністер (картопсыз)	картоп	қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер	
2015	129,8	73,6	11,3	233,6	164,0	19,3	64,4	90,2	48,5	41,9	
2016	130,7	72,9	10,9	235,5	164,7	19,5	61,4	89,3	48,6	40,7	
2017	133,7	72,9	10,7	237,7	168,5	19,5	64,6	88,5	46,9	41,3	
2018	138,5	77,9	13,2	261,3	193,3	19,2	74,9	94,1	48,6	46,3	
2019	136,3	78,9	14,6	253,5	194,3	17,1	77,4	86,6	48,5	42,9	
2020	140,3↑	83,7	15,1↑	259,4	199,1↑	17,3	78,7	86,4↓	50,1	43,0↑	

Ескертпе - кесте Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес автормен құрастырылған [37].

Бұл Қазақстандағы орташа табыс көзі ЭЫДҰ-дағы өзге елдерден төмен болғанымен, қаржы шығындарын да аз жұмсауға мүмкіндік бар екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігінің бастамасымен жүргізілген «Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылық деңгейін бағалау» жөніндегі әлеуметтік зерттеу нәтижелерінде төмендегідей ақпараттар келтірілген (7-сурет).



7-сурет – Әлеуметтік зерттеуге қатынасқан 10 000 респондент бойынша жауаптар

Ескертпе – Ақпарат «Қазақстан Республикасы халқының қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау» 2021 жылғы ақпараттық-талдамалық есептен алынып автормен құрастырылды [38].

Зерттеудің қорытындыларымен тұрғындардың өз табыстарын жұмсау кезіндегі табыстары негізгі азық-түлік пен тұрмыстық тауарларға жеткілікті, алайда өз қаражаттарын басқара алмауы себепті халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттер деңгейінде халықты отбасылық кіріс көздерін тиімді қолдануға сауаттандыру тәжірибесі

Халықты қаржылық сауаттандырудың қазақстандық моделінің тиімділігін зерттеу мақсатында Индия, Австралия, Чех Республикасы, Жапония, Нидерланд, АҚШ елдерінің тәжірибелері қаралды.

Зерделенген елдердегі тұрғындарды қаржылық сауаттандыру бағытында жүргізілетін стратегияларындағы жалпы ұқсастықтар:

Негізгі ақпараттандыру көздері: ресми сайт, бұқаралық ақпараттар құралы арқылы тарату.

Оқыту материалдары: бейне, баспа, аудио ақпараттар мен материалдар.

Оқыту әдістері: семинарлар, курстар, кеңестер (нысаналы аудиторияларға арналған) және Call орталықтары.

Жаңа технология: қаржы үнемдеу туралы электрондық бағдарламалар дайындау.

Оқыту үрдісі: оқытушылар дайындау, оқулықтар шығару, электрондық сабақтар.

Аудиториясы: оқушылар, жастар, орта буындағы тұрғындар, зейнеткерлер.

Қосымша: Тұрғындардың қаржылық сауаттылығы мен тәжірибеде қолдануларына тұрақты зерттеулер жүргізеді.

Табыс табуды ынталандыру бағытында бизнесті қолдайды.

Барлық елдерде де халықты қаржылық сауаттылыққа үйрету стратегиясы іске асуда. Алайда, кейбір елдердің қаржылық сауаттылыққа үйретудегі ерекшеліктері төмендегідей:

Индия

Негізгі мәселесі: халық ақша жұмсаудың бастапқы әдістерін білмейді, мүмкіндіктер мен тәуекелдер туралы нашар ақпараттануы.

Ерекшелігі: ауылдық жерлерді банк қызметкерлерінің аяқтай аралап, тұрғындарға үйрету, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді [39].

Австралия

Негізгі мәселесі: арнайы топтардың қажеттіліктерін есепке алып, халықты қаржылық сауаттандыру.

Ерекшелігі: нысаналы топтарға арналған бөлек-бөлек оқыту бағдарламалары іске асады, оның ішінде арнайы әйел адамдарға арналған бағдарлама да бар. Қаржылық сауаттандыру ұлттық және халықаралық деңгейде де жүргізіледі [40].

Чех Республикасы

Негізгі мәселесі: жастарды қаржылық сауаттылыққа оқыту.

Ерекшелігі: бастауыш және орта білім беру ұйымдарындағы жастарды оқыту. Оларды кәсіби оқытушылармен, оқулықтармен қамтамасыз ету. Көрмелер мен жарыстар ұйымдастыру. «Қашып бара жатқан ақша» (Peníze na

útěku) тақырыбындағы онлайн оқыту сайты арқылы әр адам өзінің қаржылық сауаттылығын арттыра алады [39].

Жапония

Негізгі мәселесі: қаржылық сауаттандыру және тұрғындарды күнделікті қаржылық жоспарлауға дағдыландыру.

Ерекшелігі: өз қаржылық сауаттылығын арттырғысы келмейтін тұрғындарды тарту және жалпы тұрғындарға күнделікті өмірдегі қаржылық тәуекелдерді ескерту. Балаларға несие туралы бастапқы ақпараттарды үйрету. Халықты қаржылық сауаттандыруға жергілікті өзін-өзі басқару органдары да кіреді.

Қаржылық сауаттылыққа үйрету Австралия тәжірибесіне ұқсас, алайда нысаналы топтар бастауыш, орта сынып оқушылары, студенттер, еңбек етуші жастар, еңбек етуші ересектер және зейнеткерлер болып бөлінеді [39].

Нидерланд

Негізгі мәселесі: тұрғындардың өз табыстарына риза болмауы. Үй шаруашылықтарындағы несиелер мен қарыздардың көбеюі және өтелмеуі, зейнеткерлік жинағының пассивті түрде басқарылуы және жеке қаржылардың тиімсіз инвестициялануы.

Ерекшеліктері: үш бағыттағы бағдарлама жүреді. «Қаржы қалыпты жағдайда» бағдарламасы тұрғындарға мақсат қоя білуді үйретеді. «Болашақты қамтамасыз етеміз» атты бағдарламада тұрғындарға ұзақ мерзімді жоспарларды құруға көмектеседі. Мектептерде іске асатын «Жастарға арналған бағдарлама» балалар мен жасөспірімдерді қалта қаржысын жұмсауға және шығындарды шектеуге үйретеді.

«Money Wise» платформасы тұрғындарды қаржылық сауаттылыққа үйрету үшін құрылған, кейін осы платформаға қаржыға және халықты қаржылық сауаттандыруға қатысты органдар, бизнес пен қаржы ұйымдары, кеңесші органдар және тағы басқалары, барлығы 45 ұйым әріптестер ретінде енгізіліп, көпдеңгейлі платформаға айналды. Платформаның құрметті төрағасы ретінде Нидерландының ханшайымы басқарады. Платформаны жылына 4 миллион адам пайдаланады.

Платформаның мүмкіндіктерінің бірі, тұрғындар өз мәселелерін анкетаны толтыру арқылы жазып жібереді және сол анкета негізінде мемлекет өз тарапынан қаржылық мәселесінің шешілу жолдарын ұсынады [39].

Америка Құрама Штаттары

Негізгі мәселесі: тұрғындардың әлемдік және американдық қаржылық жүйеде дұрыс шешімдер қабылдауы үшін қажетті қаржылық ақпаратты білуі мен жеткілікті деңгейде қаржылық білімінің болуы.

Ерекшелігі: тұрғындарды қаржылық сауаттылыққа үйретудегі тиімді іс-әрекеттері үшін үкіметтік немесе жеке секторларды ынталандыру, ұлығылау

Жеке адамдар мен отбасылық қаржы сауаттылығын арттыру.

Тұрғындармен тығыз байланыстағы қызметкерлерді дайындалған материалдармен қамтамасыз ету.

Негізгі қаржылық тақырыптар алынған 11 модулдан тұратын оқыту бағдарламасы. Мысалы, әдістерді таңдау, қаржыны жоспарлау, жинақтың маңыздылығы, т.с.с. Әр модул 1-2 сағаттан тұрады және қажетті жаттығулардан құралған.

Тұрғындарды жұмыс орындары арқылы оқыту.

Интерактивті онлайн-құрал арқылы тұрғындардың қаржылық сұрақтарына жауап және кеңес беру.

Жергілікті кітапханалар арқылы оқыту.

Жастарға арналған арнайы веб сайттың болуы.

Оқытушыларға арналған онлайн орталық қаржылық сауаттылыққа оқытушыларға ақпараттарды қолжетімді етеді [39].

Ұлыбритания

Негізгі мәселесі: тұрғындардың бюджетті тиімді жоспарлауы және қаржылық өнімдерді таңдаудағы білімдері мен дағдыларын арттыру.

Ерекшелігі: NEET адамдарды арнайы оқыту бағдарламасымен оқытады [38].

Қазақстандық тәжірибеде халықтың қаржылық сауатылығын арттыру жұмыстары Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі арқылы жүргізіледі.

Бұл бағытта «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 Қаулысы бекітілген [1].

Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру шеңберінде мемлекеттің қатысу нысандары мен қызмет бағыттары (4-кесте).

Кесте 4 - Мемлекеттік қаржылық сауаттандыруға қатысу нысандары мен бағыттары



Ескертпе – Кесте [40] дереккөзінен алынды.

Мақсатты аудиториясы: мектеп оқушылары, жастар, халықтың негізгі бөлігі болып табылады.

Таратылатын ақпараттар:

- мектеп оқушылары үшін балалар журналдарында қаржылық сауаттылық бойынша қосымшалар;
- жастар үшін телевизиялық және қоғамдық жобаларды, цифрлық ресурстар (сайттар, қосымшалар), дәрістер мен семинарлар;
- халықтың қалың жігі үшін дәрістер, телевизиялық бағдарламалар мен бейнероликтер, конкурстар, акциялар, қаржылық сауаттылық апталары, цифрлық ресурстар [41].

Әр мемлекеттердегі халықты қаржылық сауаттандыру жүйелерін зерделей келе, Қазақстанда да осы бағыттағы істердің атқарылып жатырғандығы және басым бағыттарының ұқсас болып келетіндігі анықталды.


Шет ел азаматтарының жеке қаражаттарын үнемдеу әдістері

Тұрғындар өз қаражаттарын тиімді ұйымдастыру кезінде әртүрлі қаржыны үнемдеу әдістерін пайдаланады. Әдістер табыстарды тиімді жұмсауды үйретуге арналған. Әр әдістің кітап түрінде, электрондық бағдарлама, бейне роликтер және интернет ақпараттық сайттары тараған.

Жапон журналисі Хани Мотоконың (1904 жыл) ұсынған Какейбо әдісі, ka - ke - bo жапонның үш сөзінен құралған «үйдің үнемдеу кітабы» деген мағынаны білдіреді. Бұл әдістің ерекшелігі, отбасы бюджетін келесі айға жоспарлауды көздейді. Кіріс, шығыс және үнемдеу (жинақ). Бұл әдіс жалпы табыстың 35%-ын үнемдеуге бағытталған. Отбасылық шығын күнделікті тұрмыстық, мәдени, демалыс және көңіл көтеру шығындары, көзделмеген шығындар болып бөлінеді. Шығын есептеліп, үнемделетін қаржы анықталады. Әдіс ерекшелігі шығынды жиі жоспарлаған сайын, артық шығындар анықталады және үнемделетін қаржы көлемі артады. Сатып алу кезінде қайтарылған артық қаражат, ірі көлемдегі ақша бірлігін ұсақтау кезіндегі ақшаның бір бөлігі, қайтарылған қарыз да үнемдеу қаржысына қосылады.

Енді бір ұсыныс айыппұл төлеу. Мысалы күнделікті жоспарланған жұмыс атқармай қалса немесе келісілген уәде орындалмаса тұрғын өзінің күнделікті шығынға арналған қаражатынан қаржылық айыппұл белгілеп, сол қаражатты үнемдеу қаржысына қосады. Осы ұсыныстар арылы артық қаржы үнемдеп, орынсыз шығынды болдырмауға және қаржының мақсатты жұмсалуына қол жеткізуге болады [42].

Ресей бизнес блогері Макс Крайновтың (2008 жыл) төрт конверт әдісі бойынша 8-суретте, алдымен барлық кіріс көзінен он пайыз қаражат үнемдеу үшін бөлінеді. Қалған қаржы айлық өмір сүруге қажетті шығын, қосымша шығын және жоспарланбаған шығындарға бөлінеді. Егер үнемнен басқа конверттегі қаржы қалдық болып қалса, онда оны өзге қажеттілікке жұмсалады немесе үнемделген қаржыға қосылады. Ең маңыздысы, шығынды конверттегі қаржылардан артық жоспарламау [43].



8-сурет – Төрт конверт әдісі

Ескертпе - [43] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Канададағы қаржы психологы, кәсіпкер Т.Харв Экердің алты құты әдісінде 9-суретте, барлық қаражаттың 55%-ын ай ішіндегі міндетті шығындарға, 10%-ы көңіл көтеруге, 10%-ы үнем қаржысына (жинаққа), 10%-ы ірі сатып алулар мен күтпеген жағдайларға, 10%-ы сыйлықтарға, қалған 5%-ы оқу мен өзін-өзі

жетілдіруге арналады. Ең басты қағида осы құтылардағы қаражаттарды ешқашан өзге шығындарға жұмсамау. Бөлінген қаражатты міндетті түрде жұмсамай, үнемделген қаржыға қалдырылады.

Келесі бір ұсыныс қаржыларды бөлу пайызын отбасылық шығындарға сәйкестендіруге болады.

Сонымен қатар, қосымша кіріс көздерін кез-келген құтыға қосуға болады. Міндетті түрде қосымша кіріс көзін бастапқы ережемен бөлудің қажеті жоқ [44].



9-сурет – Алты құты әдісі

Ескертпе - [44] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

АҚШ-тағы кәсіпкер Алексей Фон Тобельдің «50/30/20» әдісі 10-суретте барлық кіріс көздерінің 50% ай ішіндегі міндетті шығындарға, 30% көңіл көтеру мен саяхатқа, сүйікті іске, қалған 20% жинақ пен инвестицияға арналады.

Әдістің ерекшелігі отбасы шығындардың %-дық бөлінісін ұлғайтуға немесе кемітуіне болады. Алайда, осы әдісте жоспарланған қаражаттарды басқа мақсатқа жұмсауға болмайды. Үшке бөлінетін қаражатты үш банк карталарында сақтап, әр шығынды өз картасындағы қаржысымен жұмсауға кеңес беріледі. Жинақ қаржыны банктен жинақ есеп шотын ашып, сол есеп шотта сақтау арқылы қаражаттың жұмсалып кетуінен сақтап қалуға болады [45].



10-сурет – «50/30/20» әдісі

Ескертпе - [45] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

АҚШ-тағы қоршаған ортаны қорғау белсендісі Беа Джонсонның «Қалдықсыз үй» кітабындағы әдісте үй шаруашылығында қарапайымдылық пен тиімділікті ұстану артық шығындарды болдырмауға, қолда бар тауарларды бірнеше мақсатқа пайдалануға болады.

Бұл әдісте үйдегі барлық тауарларды зерделеп, ұзақ мерзімде пайдаланылмаған тауарларды сатумен, жалға берумен қосымша қаражат табуға, пайдалану мақсатын өзгерту арқылы өзге мақсатқа бейімдеуді көздейді. Әр тауарға ерекше көзқараспен қарап, артық тауарларды сатып алуды болдырмауға үйретеді [10].

Адамның өзі жасай алатын қызметті өзі жасау арқылы ақша төлемеу, яғни қызметтерді өзі үйреніп, сол қызметтерге кететін шығынды болдырмай, қаражатты үнемдеу. Әдістің негізгі қағидасы қаншалықты қарапайым өмір сүру арқылы, соншалықты отбасына, өзін-өзі дамытуға, отбасылық мақсатты құндылықтарына оңай қол жеткізуге болады. Әрбір қоқысқа лақтырылған тауар мен азық-түлік, тұрғындардың еңбегімен тапқан қаржысының қоқыс жәшігіне лақтырылғанын білдіреді.

Forbes Kazakhstan журналының 2021 жылғы 3 шілдедегі интернет ресурсында Қазақстан Республикасының экология, геология табиғат ресурстары Министрінің мәліметінше Қазақстанда 4,6 млн тонна тұрмыстық қатты қалдықтар жинақталған. Оның ішінде 2,8 млн тоннасы коммуналдық қалдықтар. Үй шаруашылығының қалдықтары 71%, өндіріс қалдықтары - 14,6%, ал 10% - көше қалдықтары, и 2% - дан астамы сауда нүктелерінің қалдықтары. Бұл да қазақстандықтардың ысырапшылдық пен экологиялық мәдениетінің тиісті деңгейде болмауын айқындайды [46].


Бұл әдістерді зерделеу арқылы еліміздің тұрғындарына осы ақпараттарды кеңінен тарату арқылы отбасылық табыс көздерін жоспарлау және жұмсау кезінде қолдануына ұсынуға болады. Осы әдістердің әлемдік тәжірибеде қолданысқа енуі және ұзақ жылдар бойына адамдармен қолдану тәжірибелері, осы әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

Отбасындағы кіріс және шығыс көздерін қолдануды зерделеу

Қаржылық сауаттылық, отбасылық табыс туралы тұрғындардың пікірлері мен ойларын анықтау үшін 16 сұрақтан тұратын электрондық сауалнама өткізіліп, 156 респонденттің жауаптары зерделенді (1-қосымша). Сауалнамаға Google.kz сайты арқылы жалпы тұрғындарға қолжетімді болды.


Оның ішінде «Отбасылық кіріс көзін тиімді жұмсау туралы білесіз бе?» деген сұраққа 48% «жоқ» және «жауап беруге қиналамын» деген жауапты ұсынды (11-сурет). Ал, «Отбасылық кіріс көзін тиімді жұмсауды үйренгіңіз келе ме?» сұрағына 87% «ия» деген жауапты таңдаған (12-сурет).

■ Ия ■ Жоқ ■ Жауап беруге қиналамын



11-сурет – Отбасылық кіріс көзін тиімді жұмсау туралы білесіз бе?

■ Ия ■ Жоқ ■ Жауап беруге қиналамын




12-сурет – Отбасылық кіріс көзін тиімді жұмсауды үйренгіңіз келе ме?

Ескертпе - [21] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Бұл сұрақтардың қорытындысымен тұрғындар қаражаттарын тиімді жұмсауды үйренгісі келетіндігі айқындалды.

«Отбасылық кіріс көздерінің негізгі жұмсалыу бағыттары» деген сұрағына 150 адам жауап беріп, 57% тамақ, киім, тауар алумен, ал 18% өзге де шығындарға жұмсайтындығын белгілеген (13-сурет). Сұрақ нәтижесімен басым тұрғындар қаржылық жинақ жасамайтындығын көрсетіп, қиындық пен қажеттілік туындаған жағдайда оларда қаржылық қордың болмайтындығын білдіреді [21].



13-сурет – Отбасылық кіріс көздерінің негізгі жұмсалыу бағыттары

Ескертпе - [21] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Сауалнамадағы «Отбасылық кіріс көзін тиімді жұмсауды үйренгіңіз келе ме?» деген сұраққа 155 адамның 135 адамы «ия» жауабын таңдаған. 18-і «жоқ», 2-і «жауап беруге қиналамын» деген. Сұрақ қорытындысымен тұрғындар ақшаны тиімді жұмсау әдісін үйренгісі келетіндігі анықталды [21].

Егер тұрғындарға қосымша қаражат қажет болса қайдан алатындығын анықтау мақсатында қызметін жиі пайдаланатын Каспий банкі қызметіне зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде қазіргі уақытта Kaspi.kz қызметтерін 6 миллионнан астам қазақстандық пайдаланатын болса, олардың 4 миллион 6 жүз мыңнан астамы Kaspi Gold картасын пайдаланады [47].

Ал, несие алу мақсаты мен көрсеткіштері төмендегідей (14-сурет):




14-сурет – Несие алушылардың мәліметі

Ескертпе – [48] дереккөз негізінде автормен дайындалған.

Несие мақсаттарының басым бөлігі тұрмыстық тауар алу болып отыр. Отбасылық қажеттіліктерге қажетті қаражаттардың тиімсіз жұмсалыуы және қаржылық қордың болмауы, осы қажеттіліктерді өтеуге несие алу жиі қолданатын әдіске айналған.


«Өз ақшаңызды үнемдеп білесіз бе?» тақырыбындағы 301 респондент қатынасқан сауалнама (2-қосымша) (оның ішінде 97 қағаз нұсқада, 204 электронды нұсқада), жауаптары төмендегідей болды (15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-суреттер) [49].



15-сурет – Сіз өзіңіздің қаржыңызды өмір сүруге жеткілікті деп ойлайсыз ба?

Ескертпе - [45] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.


Сұрақтың қорытындысымен респонденттердің басым көпшілігі өз қаражаттарын жеткіліксіз деп ойлайды.



16-сурет – Өмірлік мақсатқа жету үшін қаражатты үнемдеу қажет пе?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.


Жауаптардың сексен пайызы қаражатты үнемдеу қажет деп есептейді.



17-сурет – Сіз өз ақшаңызды үнемдейсіз бе?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.


Сұраққа жауап берушілер өз қаражаттарын үнемдейтінін білдірген. Демек адамдар өз әдістерімен қаражаттарын үнемдейді, алайда тиімсіздігінен қаражаттарды үнемдеудің жаңа әдістерін білгісі келетіндігі алдыңғы сұрақтан байқалады.



18-сурет – Отбасыңыз қаражатты үнемдеуге келісе (көмектесе) ме?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Сұрақтың қорытындысымен отбасында қаражатты үнемдеуге отбасы мүшелерінің көпшілігі қарсы болмайтындығы анықталды.




19-сурет – Қарапайымдылық пен қанағатшылдық қаражатты үнемдеуге көмектесе ме?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Қаражатты үнемдеудің қарапайымдылыққа қатысы бар ма? Жоқ па? Анықтау үшін қойылған сұраққа респонденттердің басымдығы «ия» деген жауапты белгілеген. Осы сұрақтың қойылу мақсаты алдыңғы зерттеушілердің адам өміріндегі жаңа дағдыларды енгізуде қандай қасиеттердің болуы қажеттігін анықтау үшін жасалды.


- о Қаражаттың аздығы / Малое количество средств
- о Үнемдеу жолдарын білмеу / Незнание способов экономии
- о Ысырапшылдық / Расточительность
- о Несие / Кредит
- о Өз жауабыңыз / Свой ответ



20-сурет – Қаражатты үнемдеуге не кедергі?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.


Осы сұрақтың қорытындысы бойынша респонденттер қаражат аз және несие кедергі жауаптарын таңдаған. Бұл қаржылық сауаттылықтың қажеттігін білдіреді.



21-сурет – Ақшаңызды үнемдеу жолдарын үйренгіңіз келе ме?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Бұл сұраққа респонденттердің басым бөлігі үйренгісі келетіндігін білдірген. Сондықтан қандай жолдармен үйренгісі келетіндігін анықтау үшін төмендегідей сұрақтар қойылды.



22-сурет – Қаражатты үнемдеу туралы қандай ақпарат түрінен танысқыңыз келеді?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Сауалнама сұрағының қорытындысымен бейне материалдардан танысқысы келетіндер 46%, баспа материалдарынан 37% танысқысы келген. Бұл ақпараттарды әлеуметтік желілермен таратуға болады.



22-сурет – Қаражатты үнемдеу жолдары туралы ақпаратты қандай тілде алғыңыз келеді?

23-сурет – Қазақстандықтарды қаржылық сауаттылыққа үйретуге арналған Fingramota.kz сайты туралы білесіз бе?

Ескертпе - [49] дереккөзі негізінде автормен дайындалған.

Осы сұрақ қорытындысымен қазақ тілінде 82% қазақ тілін таңдаған. Ал, тұрғындарды қаржылық сауаттандыруға арналған Fingramota.kz сайты 82% респондент білмеймін деген жауапты таңдаған [49].

Зерттеудің нәтижесінде тұрғындар өз қаражаттарын тиімді жұмсауға ниетті және аталған сауалнамадан өтуші респонденттер ақпаратпен бейне және баспа материалдары арқылы танысқысы келетіндігін білдірді және қаржылық

сауаттылыққа үйретудің ресми сайтының танымалдылығын ілгерілету қажеттігі анықталды.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғанға дейін Кеңес Одағының құрамында болды. Кеңес Одағындағы әлеуметтік саясат бойынша адамдардың іс-әрекеттерін бақылау, шектеу және барлық көмектерді мемлекеттің қамтамасыз етуінен адамдардың басым бөлігі өз-өзін анықтауына мүмкіндігі болмады. Себебі адамдар көмекті үнемі мемлекеттен күтетін болды. Осының салдарынан адамдардың басым көпшілігінің Кеңес дәуірінде тәрбиеленуінен әлеуметтік-экономикалық қамтамасыз етілуін ата-анасынан, туысқандарынан және мемлекеттен күтеді немесе талап етеді. Осындай ойлы адамдардың өзін-өзі жетілдірмей, енжарлық танытуы енжар қоғамды қалыптастырады [50].

Мемлекеттік қызметтегі іс – тәжірибеде, халықты тікелей қабылдаулар жиі өткізілді. Кездесулер болып, өзекті мәселелері тыңдалды. Осы тәжірибе кезінде адамдардың арасында жиі кездесетін іс-әрекеттерінен, пікірлері мен өз-өздерін ұстауынан бірнеше кейстер келтірілді.

Бірінші кейс, қабылдауда болатын тұрғындардың кейбіреулер мемлекеттің көмегін сезінбейді. Себебі, қабылдау кезінде олардың мемлекет тарапынан алып жатырған көмектері жалпыға тиісті берілетін көмек. Ал менің жағдайымның нашарлығына қосымша көмектер қажет деген пікірлерін білдіреді. «Берілетін қаржылай көмектер қонақтық шақыруға да жетпейді» деген ойларын да айтып жатады. Алайда сол мемлекет тарапынан берілген көмектердің негізгі азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті тұрмыстық тауарларға арналғанын түсіндірсе, оны осы кезге дейін білмейтіндерін айтады.

Екінші кейс, кіріс көздері мен шығындарын басқара алмауларында. Тұрғынның арыздануына байланысты үй-жайы мен оның әлеуметтік жағдайын зерделеу кезінде қаражатын статустық шығындарға жұмсайтындығы байқалды. Қымбат телефон алу, әшекей бұйымдар, косметикалар мен тырнақ бояу, кірпік жапсыру сияқты тиімсіз шығындарға жұмсайды. Әлеуметтік желілердегі фотоларынан зерделегенде, үнемі қыдырыс пен қонақтықтарда, кафелерде отыратындығы анықталады.

Үшінші кейс, ер адамдардың алкогольдік және темекі бұйымдарына шығындануы, азарттық ойындар ойнауында болып отыр. Өзі жұмыссыз және отбасының аз қамтылған әлеуметтік отбасы санатында бола тұра, қаражатын мақсатсыз жұмсайды. Алайда ол шығынды мақсатсыз деп есептемейді.


Төртінші кейс, әлеуметтік әл-ауқаты жақсы адамдардың өмірімен, олардың материалдық жағдайларымен өзінің материалдық жағдайын салыстыру арқылы өзінің табыс көзінің жетпейтінін біле тұра алдына қол жетпейтін мақсаттар қояды. Несиеге қымбат көлік алады, жүздеген адамды шақырып той жасайды, төлей алмайтынын біле тұра онсыз да өмір сүре алатын, қажет емес қымбат тұрмыстық тауарларды несиеге алады, немесе күнделікті шығындарына өзгелерден қарыз ақша алады. Осының салдарынан тұрғындар қаржылық жетіспеушілікке тап болып, қиын жағдайды басынан кешіреді.

Осындай кейстердің жүздеген түрлері кездеседі.

Келесі бір анықталған жағдай, «Егер қазір Сізге шұғыл түрде елу мың теңге қаражат қажет болса, қайдан аласыз?» деген сұраққа, басым бөлігі Каспий кредиттен, ағайыннан, достарымнан аламын деген жауаптар берді (24-сурет).

Сұрақ қойылған елу адамның тек қана үшеуі өз қаражатын пайдаланатындығын айтты. Оның ішінде себебін сұраған кезде, бірінде депозит, екіншісінде өзінде болып шықты, үшіншісі отбасылық жинақтан алатындығын ескертті.

Бақылаудың нәтижесінде тұрғындардың басым көпшілігінде жинақ қаражаттарының жоқтығы байқалады.



24-сурет – Егер қазір Сізге шұғыл түрде елу мың теңге қаражат қажет болса, қайдан аласыз?

Ескертпе – феноменологиялық әдістің негізінде автормен құрастырылған.

Отбасылық кіріс көздерін қолдау барысында мемлекет саясатының тиімділігін арттыру

Қазақстандықтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бағытында «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (бұдан әрі Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы № 338 қаулысы жүзеге асуда. Қазақстандықтарға арналған <https://fingramota.kz/> ресми сайты жұмыс жасауда [1].

FinGramota оқыту сайты еліміздегі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі (бұдан әрі ҚР ҚНРДА) халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында іске асыратын жобаларының бірі.

Бұл ақпараттық-түсіндірме сипатындағы эксклюзивті танымал материалдарды, қаржы жаңалықтары, оқыту роликтері, бейне ақпараттық графикасы және қаржылық сауаттылық бойынша басқа да ақпаратты орналастыратын және сауаттылық деңгейі және қаржылық мүмкіндіктері әр түрлі санаттағы тұрғындарға арналған бірегей алаң.


Ақпарат мақала, бейнематериалдар, ақпараттық графика, анимациялық роликтер, сарапшылардың кеңес беруі сияқты түрлі тәсілмен жеткізіледі. Мақсаты: адамдардың қолда бар қаражатын тиімді жұмсау, қаржылық

қызметтерді пайдалануда өз құқықтарын қорғау, қаржылық алаяқтар мен қаржылық пирамидаларға қарсы тұру, электрондық ақша туралы білуін, қаржылық мақсаттарға жетуді, өз кредиттік тарихын басқаруды және т.с.с көптеген материалдарды ұсыну болып табылады.

Сайттың «Fingramota Online» мобильдік қосымшасы да жасақталған. Сонымен қатар ақпараттар Facebook, Instagram, YouTube, ВКонтакте, Одноклассники, Telegram каналдары мен әлеуметтік желілері арқылы да таратылады. Барлық ақпараттар қазақ және орыс тілдерінде жарияланған.

Сайттың жаңалықтар бөлімінде 2020 жылдың желтоқсан айынан бастап мақалалар жарияланған. Оның ішінде: 2020 жылы 13, 2021 жылы 234, 2022 жылдың төрт айында 56 мақала шығарылған [51].

Мақалаларды танысушылар санына келетін болсақ, 25-суретте көрсетілген.



25-сурет – Мақалаларды танысушылар саны

Ескертпе – [51] дереккөз негізінде автормен дайындалған.

Сайттың жаңалықтар бөліміндегі ақпараттармен танысушылардың ең көп таралғаны 8243 болып отыр. Оның ішінде ең көп таралған ақпарат, қаржылық алаяқтықтан қорғану тақырыптары болды.

Сайттың мультимедиа бөлімі төрт бөлімшеден тұрады. Олар, FinIQ-20 танымдық бағдарлама, бейнегалереяда-32, фотогалереяда-9 және инфографикада-8 иллюстрация орналастырылған [51].

Балаларға арналған бөлімінде балаларға арналған «OYLA» журналының он алты шығарылымын орналастырған.

Сонымен қатар қызметтер бөлімінде мобилді қосымша, қаржы ұйымдарының каталогы, ақпараттық – әдістемелік ресурстар базасы, несие тарихындағы ақпаратты даулау және қаржылық сауаттылық бойынша әлеуметтанушылық зерттеу орналастырылған.


Тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында ашылған Fingramota.kz сайтындағы ақпараттардың таралуына зерделеу жүргізілді. Алайда, бұл каналдарға жазылушылардың саны өте аз. Мысалы Facebook 3051, Instagram-4470, YouTube-105, ВКонтакте-17, Одноклассники-21, Telegram-732 болды. Ақпараттық бейне материалдармен танысушылардың саны ең көп қарағаны 1 жылдың ішінде 500-ден аспайды. Ал ең азы 2 ғана. Бұл жағдай аталған ресми ақпараттарды кеңінен тарату қажеттігін көрсетеді [51].

Себебі, зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық индексі 39,52%-ды (2020 жылы 39,07%) құрайды (100-балдық шкала

бойынша). Бір жылда қаржылық сауаттылық тек қана 0,45 пайызға ғана өскен [51].

Мемлекеттік Тұжырымдаманы іске асыруда осы бағыттағы жұмыстарда жалпыхалықтық ақпаратпен танысу мүмкіндігіне ие боламыз. Алайда, ақпараттарды зерделеп, оқылған әдебиеттердегі зерттеушілердің тұжырымдары мен зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараласақ **тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттырудағы кедергілердің жаңа бір бағыты ашылады.** Яғни, адамдар мемлекеттің тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру бағытындағы ақпараттарын психологиялық тұрғыдан қабылдамау және ұсынылған әдістерді қолдануға құлықсыздығын аңғартады.

Себебі мемлекеттіміздің құндылықтарында қазіргі заманға сай өзгерістерге бейімделу үрдісі баяу жүруде (26-сурет) [52].



26-сурет – Қазақстандықтардың құндылықтар рейтингі, 1500 респонденттің іріктелген жиынтығы (респонденттердің жауаптардың бірнеше нұсқасын таңдауынан жауаптар жүз пайызға тең емес)

Ескертпе – [52] дереккөзі негізінде автормен дайындалған

Суреттегі мәліметте қазақстандықтардың басым бөлігі отанға қызмет ету, патриотизм, сапалы білім алу, қоғамдық мойындау бос уақытты қадірлеуді

соңғы кезеңдерге қалдырған. Сол себептен ой-санасын өзгертуге бағытталған жұмыстардың тиімділігін арттыру қажеттігі туындайды.

Бұл бағытта Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары іске асуда. Оның негізгі басымдықтардың б-жалпыұлттық басымдығында патриотизм құндылықтарын дәріптеу көзделген. Басымдықтың мәні: қайратты және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын қалыптастыру болып табылады.

Мәселелерді шешу үшін халықты ақпараттандыру, оқыту, түсіндіру жұмыстары ресми сайттар арқылы жүргізілуде. Алайда, тек қана орталық органдар мен облыс орталықтарын есептегеннің өзінде 77 ресми сайт бар [49].

Бір адам осы салалардағы қажетті ақпаратты алу үшін 77 сайтқа кіруге мәжбүр болады. Одан тарайтын, мемлекеттік органдар, Агенттіктер, Комитеттер, осы сияқты әртүрлі құрылымдардың жариялайтын ақпараттарын қарау үшін одан да бірнеше есе сайттарды қарауға тура келеді [53].

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың барлық сайттарын бір жерге жүйелеу бағытында мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат беру үшін <https://egov.kz> сайты жұмыс жасайды. Бұл сайтқа тек қана қызмет алушыларға көрсетілетін кеңестер мен ақпараттарды орналастырылған. Ал халықты жалпы ақпараттандыру, сауаттандыру, оқыту немесе әртүрлі проблемалық мәселелерді оңтайлы шешудің тиімді жолдарын ұсыну бағытындағы ақпараттар топтастырылмаған [54].

Жалпы Қазақстандағы сайттардың санына келетін болсақ Қазақ Торап ақпараттық орталығының 2022 жылдың наурыз айындағы мәліметінде қазірдің өзінде 163 402 қазақстандық сайт бар [55].

Тұрғындардың ақпараттардың көптігінен ішіндегі қажетті, өздеріне шынайы көмектесетін ақпараттарды бір жерден табуына мүмкіндіктері жоқ.

Мәселені шешу мақсатында қаржылық сауатталыққа үйрететін және осы бағытта көмек көрсететін ақпараттар мен қызметтерді бір жерге орналастыруға болады. Осы арқылы тұрғындар өздеріне қажетті ақпараттарды бір жерден іздеуге дағдыланады және ақпараттарды дайындаушы органдар да бір жерге орналастыру арқылы жалпы халықпен байланысы артады.

Қорытынды

Магистрлік жобаның зерттеу қорытындысы бойынша еліміздегі тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыруға ынталары бар екендігі анықталды. Зерттеулердің нәтижесінде тұрғындарды және халықпен тығыз байланыстағы ұйымдарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету жұмыстарын жетілдіру мүмкіндіктері айқындалды. Қаржылық сауаттандыруға қатысты барлық ұйымдардың ақпараттарын біріктіру арқылы халықты ақпараттандыру тиімділігі артады.

Тұрғындардың жас ерекшеліктеріне, әртүрлі санаттарына, салалары мен топтарына байланысты ақпараттар көптеп дайындалған. Осы ақпараттарды әр жерден, әр мемлекеттік орган мен ұйымдардың ресми сайттарына кіру арқылы оларды іздеп табу уақыт пен арнайы машықтарды қажет етеді. Қаржылық сауаттандыру тақырыбындағы мәліметтерді бір жерге топтастыру арқылы тұрғындарға жеткізетін ақпараттар жүйеленеді, біріздендіріледі және тұрғындарға ұсыну жолы да біртекті болады. Осы арқылы тұрғындардың да қаржылық сауаттылыққа қатысты ақпараттарды әр орган мен ұйымның сайттарынан, әлеуметтік желілерінен немесе каналдардан іздемей-ақ бір жерден таба алатынына үйренеді.

Ақпараттардың бір жерге топтастырылған сілтемелерді жасақтау арқылы тұрғындардың ақпараттануы артады және өзге теріс ақпараттар мен жалған мәліметтерден аулақ болады. Қаржылық саладағы тәуекелдер туралы уақтылы ақпараттанады.

Қазіргі орталық атқарушы органдардағы іске асып жатырған халықты ақпараттандыруға бағытталған бағдарлама, тұжырымдама, заңдылықтар, жоспарлар мен іс-шараларды кешенді етіп біріктіру арқылы төмендегідей істерді жүйелеп енгізу ұсынылады.

Ұсыныс:

Тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында ашылған Fingramota.kz ресми сайтына қаржылық сауаттандыруға қатысатын барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттарын орналастыру.

Шешу жолдары:

1. Қаржылық сауаттылыққа кеңестер беруге мүдделі ұйымдар ақпараттарының сілтемелерін Fingramota.kz сайтына орналастыру.

- ҚНРДА – әріптес ұйымдармен ақпаратты орналастыруға рұқсат алу және сайтты жетілдіруге келісімге отыруды ұйымдастырады.
- Әріптес ұйымдар – дайындаған ақпараттардың сапасы мен жаңартылуын ұйымдастырады.

2. Fingramota.kz сайтына есептеуге арналған әдістемелік онлайн-құрал жобасын енгізу.

- ҚНРДА - Нидерланд тәжірибесіне сәйкес сайттағы ақпараттар мен әдістерді енгізеді (3-қосымша).
- ҚНРДА - әріптес ұйымдармен ақпараттарды автоматтандыруға бірлескен жұмысты ұйымдастырады
- Әріптес ұйымдар – онлайн-құралға қажетті нормалар мен әдістерді және ақпараттарды енгізу үшін өз ресми сайттарын құрастырушылар арқылы жетілдіреді.
- Әріптес ұйымдар - өзгерістерді нормаларға сәйкес жаңарту және жетілдіру.

3. Ақпараттарды дербес компьютерлерге көшіріп алу нұсқасын дайындау (4-қосымша).

- Әріптес ұйымдар - ақпараттардың көшірмелі нұсқасын дайындап, ҚНРДА-ке ұсынады.
- ҚНРДА - сілтемелердің ашу кезінде әріптес ұйымдардың ресми сайттарындағы жалпы ақпарат емес, нақты сол материалды ашуымен байланыстырады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.05.2020 жылғы «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» №338 Қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі порталы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000338>. Жүгінген күні: 04.03.2022 жыл.

2 Қазақстан Республикасының 17.07.2001 жылғы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» №246 Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі порталы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000246>. Жүгінген күні: 04.03.2022 жыл.

3 Қазақстан Республикасының 05.04.1999 жылғы «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» №365-І Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі порталы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000365>. Жүгінген күні: 04.03.2022 жыл.

4 Пасечник А.С., Жислина Д.В., Карпова М.А., Демарин В.А. // Нижегородский государственный педагогический университет имени Козьмы Минина // Электронный научно-практический журнал «Современные научные исследования и инновации» СЕМЕЙНЫЙ БЮДЖЕТ И ЕГО ПЛАНИРОВАНИЕ. – URL: <https://web.snauka.ru/issues/2017/05/82242>. Жүгінген күні: 19.06.2021 жыл.

5 Е.Томас Гарман, Рэймонд Е.Форг, «Жеке қаражат» (Қазақстанға бейімделген нұсқа), ағылшын тілінен аударылған (Garman, Forge / Personal

Finance / Cengage Learning / 1968) Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020 ж – 632 бет.

